

Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарына криминалистік талаптар мен оларды сынау әдістерін, Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының криминалистік талаптарға сәйкестігіне қорытындылар беру қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 қарашадағы N 1146 Қаулысы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 12 қазандағы № 821 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 12.10.2015 № 821 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі.

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 16 наурыздағы № 219 бұйрығын қараңыз.

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.12.07 № 1483 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 30 желтоқсандағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған :

- 1) азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарына криминалистік талаптар мен оларды сынау әдістері;
- 2) азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының криминалистік талаптарға сәйкестігіне қорытындылар беру қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.12.07 № 1483 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2007 жылғы 29 қарашадағы
N 1146 қаулысымен
бекітілген

Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарына қойылатын криминалистік талаптар мен сынау әдістері

1-бөлім. Атыс, белгі беру, газды, электрлі, пневматикалық қаруға, оның патрондарына, сондай-ақ қаруға құрылымдық жағынан ұқсас бұйымдарға қойылатын криминалистік талаптар

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.12.07 № 1483 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

1. Жалпы ережелер

1. Осы криминалистік талаптар "Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 30 желтоқсандағы Заңына сәйкес азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын жасап шығаруды стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарды талдау, сондай-ақ криминалистік практиканы қорытындылау негізінде әзірленді және оларды сәйкестендіру және заңсыз қайта жасауды болдырмау мақсатында Қазақстан аумағында айналымда жүрген азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарына қойылатын арнайы техникалық талаптарды белгілейді.

Осы криминалистік талаптар Қазақстан Республикасының аумағында сату құқығынсыз, тек импорттаушы елдердің заңнамасының талаптарына сай экспортқа ғана өндірілген азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарына, сондай-ақ қару мен патрон жасап шығарушы кәсіпорындарда технологиялық мақсатта ғана пайдалануға арналған сынақ патрондарына, сондай-ақ электр қаруына қолданылмайды.

2. Атыс, белгі беретін, газды, электрлі, пневматикалық қаруға қойылатын жалпы криминалистік талаптар

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.12.07 № 1483 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

2. Үрмелі қуаты 7,5 Джоульден (бұдан әрі - Дж) жоғары және калибрі 4,5 миллиметрден (бұдан әрі - мм) астам атыс, белгі беру, газды, электрлі, пневматикалық қарудың механикалық тәсілмен (соққы, қысым) немесе жоғары концентрацияланған энергия көздерін пайдаланып, оның ішінде лазермен орындалған, тереңдігі кемінде 0,2 мм өзін дараландыратын таңбалу белгісі (сериясы, нөмірі) болуға тиіс.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.12.07 № 1483 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

3. Атыс, белгі беру, газды қарудан атылған гильзаларда оны сәйкестендіруге жеткілікті белгілер кешенін қамтитын қарудың бөлшектері мен тетіктерінің іздері қалуға тиіс.

4. Белгі беру, газды және пневматикалық қару бөлшектері мен тетіктерінің ерекшеліктері жауынгерлік, азаматтық және қызметтік атыс қаруларының бөлшектері мен тетіктерін бір-біріне ауыстыру мүмкіндігін қамтамасыз етпеуге тиіс.

5. Белгі беру және газды қару құрылымы қайтарымсыз өзгерместен снарядқа шаршы миллиметріне 0,5 Джоуль (бұдан әрі - Дж/мм²) кинетикалық энергия үлесін (сот медицинасы қабылдаған адамды зақымдаудың ең төменгі энергетикалық өлшемі) беретін оқты және бытыралы қатты снарядпен ату мүмкіндігін қамтамасыз етпеуге тиіс.

3. Ойық және тегіс оқпанды атыс қаруларына қойылатын қосымша криминалистік талаптар

6. Ойық азаматтық атыс қаруы (спорт қаруын қоспағанда) бір типтегі патронға арналып жасалған жауынгерлік атыс қаруынан қару оқпаны параметрлерінің біреуі (саны, бағыты, ені, ойықтың қадамы) бойынша айырмашылығы болуға тиіс.

Ойықтың ені бойынша айырмашылығы жол шегінің арасы кемінде 0,2 мм болуға тиіс, ал иір ойықтың қадамы бойынша айырмашылығы жол шегінің арасында иір ойық көлбеуінің бұрыш айырмашылығы кемінде 1 градусты қамтамасыз етуге тиіс. Айырмашылықтар олардың қолданыстағы криминалистік әдістерімен саралану мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс.

7. Ойық атыс қаруының бір типті патронға арналып жасалған үлгілерден гильзадағы іздері бойынша айырмашылығы болуға тиіс.

8. Әр түрлі кәсіпорындарда патронның бір типіне арналып жасалған көп зарядты магазинді тегіс ұңғылы атыс қаруының серпігіш және шағылдырғыш іздерінің өзара орналасуы, сондай-ақ гильзадағы іздерді жасауға қатысатын тетікте басқа бөлшектердің іздері бойынша үлгілері арасында айырмашылығы болуға тиіс.

9. Ұзын ұңғылы ойық қару 5,6 мм калибрлі патрондарды қоспағанда, тапаншаның және револьвердің патрондарына сай жасалынбауға тиіс.

10. Ойық немесе тегіс ұңғылы қару құрылысында дыбыс тұншықтырғыш, сондай-ақ атыс дыбысын тұншықтырушы және түнгі нысаналы қондырғыларға арналған аспаптар немесе арнайы құралдар болмауға тиіс.

11. Жиналмалы құрылымды ұзын ұңғылы қарудың ұзындығы кемінде 800 мм-ге не ұңғысының немесе ұңғылы қорапшасымен ұңғысының ұзындығы 500 мм-ге жетпейтін жинаулы түрінде ату қабілетін қамтамасыз етпеуге тиіс.

12. Ойық қарудан, тегіс ұңғылы қару ұңғысының ойық қондырғыларынан, сондай-ақ қысқа ұңғылы қарудан атылған оқтарда ұңғы оқпанының іздері қалуға тиіс.

4. Ұңғысыз, белгі беру және газды атыс қаруына қойылатын қосымша криминалистік талаптар

13. Ұңғысыз атыс қаруы құрылымының қайтарымсыз өзгерместен снарядтарға $0,5 \text{ Дж/м}^2$ астам кинетикалық энергия үлесін беретін оқты және бытыралы снарядтармен ату мүмкіндігін қамтамасыз етпеуге тиіс.

14. Белгі беру қаруында қарудың құрылымына қайтарымсыз өзгерістер енгізбестен, газды патрондармен ату мүмкіндігі болмауға тиіс.

15. Белгі беру және газды қаруды атыс қаруларына қайта өзгертуді қиындату мақсатында ұңғысының қаңқаға бекітілуі босаңқы болуға тиіс.

5. Пневматикалық қаруға қойылатын қосымша криминалистік талаптар

16. Пневматикалық қарудың калибрі 4,5 мм-ден аспауға тиіс.

17. Пневматикалық аңшылық қарудың 25 Дж-ден аспайтын, спорт қаруының 35 Дж-ден аспайтын кинетикалық энергиясы болуға тиіс.

6. Құрылымы жағынан қаруға ұқсас бұйымдарға қойылатын криминалистік талаптар

18. Құрылымы жағынан қаруға ұқсас бұйымдар құрылымындағы қайтарымсыз өзгерістерсіз оларды атыс қаруы ретінде пайдалану және $0,5 \text{ Дж/мм}$

² асатын кинетикалық энергия үлесі бар снарядтарды ату мүмкіндігін қамтамасыз етпеуге тиіс.

19. Құрылымы жағынан қаруға ұқсас бұйымдар жауынгерлік иір ойықты атыс қаруынан оны қайта құрастыру және атысқа жарамсыз жағдайға келтіру арқылы жасалынбауға тиіс.

7. Атыс, газды және белгі беру қаруларының оқ-дәрілеріне қойылатын криминалистік талаптар

20. Ойық, тегіс ұңғылы, ұңғысыз, сондай-ақ газды және белгі беру атыс қаруы патрондарының құрылымы мен гильзаларының материалдары эксперименталдық атыс кезінде оларда қару бөлшектері мен тетіктерінің іздерін сәйкестендіру үшін жарамды сақталуын қамтамасыз етуге тиіс.

21. Ойық атыс қаруы патрондары оқтарының құрылымы мен материалдары сулы немесе талшықты оққаққыштарға эксперименталдық ату кезінде қаруды сәйкестендіруге жарамды іздердің сақталуын қамтамасыз етуге тиіс.

2-бөлім. Суық, лақтыратын қаруға және сыртқы пішіні бойынша осындай қаруға ұқсас бұйымдарға қойылатын криминалистік талаптар

8. Аңшылық сұқпалы суық қаруға қойылатын жалпы криминалистік талаптар

22. Осы техникалық талаптар жалпы және арнайы мақсаттағы аңшылық пышақтарға, тіршілікті сақтауға арналған пышақтар (бұдан әрі - пышақтар) мен аңшылық қанжарларына қолданылады.

23. Жалпы және арнайы аңшылық мақсаттағы пышақтар үш түрге бөлінеді:

ж и н а л м а й т ы н ;

ж и н а л а т ы н ;

құрастырмалы.

24. Қанжарлар және тіршілікті сақтауға арналған пышақтар екі түрге бөлінеді :

ж и н а л м а й т ы н ;

құрастырмалы.

25. Пышақтардың сұқпаларының ең қысқа мөлшері:

ұ з ы н д ы ғы - к е м і н д е 90 мм;

сыртының қалыңдығы - кемінде 2,6 мм.

26. Қанжарлар сұқпаларының ең қысқа мөлшері:

ұ з ы н д ы ғы - к е м і н д е 150 мм;

қалыңдығы - кемінде 4,0 мм;
ені - кемінде 25 мм.

Сұқпаның ұзындығы мен енінің арақатынасы 6:1 болуға тиіс.

Сұқпаның ұзындығы өткір соңынан (ұшынан) шектеуге дейін, ал ол болмаған жағдайда сабының жиегіне дейінгі мөлшермен анықталады. Пышақтың сұқпасының және сабының қалыңдығы оның неғұрлым жуан жерінен (мысалы, түбі) өлшенеді. Қанжар сұқпасының ені оның неғұрлым енді жерінен өлшенеді.

27. Пышақтар мен қанжарлар сұқпа мен қолсаптан тұруға тиіс, тірегі (немесе шектеу) не шанышпалы соққы берер кезде пышақты нық ұстауды (талаптың арнайы мақсаттағы аңшылық пышақтарға қатысы жоқ) қамтамасыз ететін саусақ асты ойығы болуға тиіс.

Тіршілікті сақтауға арналған пышақтарды аңшылық қанжарлар сияқты сұқпасымен жасауға рұқсат етіледі.

28. Пышақтардың және қанжарлардың сұқпасы мен қолсабының қосылған жері (оның ішінде топсасы) мықты және қатты болуға тиіс.

29. Сұқпаның жүзі аңшылық сұқпалы суық қаруға тән қайралған болуы тиіс. Қайраудың арнайы түрлері (мысалы, "құндыз тіс" типті, ал тіршілікті сақтауға арналған пышақтарда сұқпаның сырт жағы қайралуы мүмкін) сұқпа жүзінің бүкіл ұзындығына, сондай-ақ оның бір бөлігіне де рұқсат етіледі.

30. Пышақ жүзінің қайралуы диаметрі 10-12 мм және ылғалдылығы 12%-дан аспайтын қайыңның шыбығын бес мәрте кесу арқылы тексеріледі; бұл ретте кесінді түзу, мүдірсіз болуға тиіс.

31. Пышақтардың қосымша тұрмыстық мақсаттағы (біз, консерві пышағы, бұрауыш және т.б.) және негізгі сұқпаның сыртында не кез келген бөлек зат түрінде пышақтың қолсабында немесе қолсаптың ішінде, қынапта немесе құндақта орналасатын арнайы мақсаттағы: экстрактор, қысу сақинасы, кішкентай ара сияқты қосымша құрылғылары болуы мүмкін.

32. Пышақтар мен қанжарлардың саптары, жапсырманың басы, жиналмалы пышақтардың белдігінің соңы, сондай-ақ өзге де бөліктері және сұқпаның, заттардың және құрылғылардың шығыңқы бөліктері мұқият өңделуге тиіс.

33. Пышақтардың (талаптың аңшылық арнайы пышақтарға қатысы жоқ) және қанжарлардың алынбайтын кез келген бөлігінде әртүрлі әдістермен (қалыптама, нақыштама, өңдеу, күйдіру) жасалған тіркеуге арналған нөмірі және өндірушінің таңбасы болуға тиіс.

34. Пышақтардың (талаптың аңшылық арнайы пышақтарға қатысы жоқ) және қанжарлардың сұқпалары мықты және шымыр болуға тиіс.

35. Сұқпаның ұзындығы 150 мм-ден артық болған кезде оның өткір соңы (ұшы) 10 мм-ге майыстырылады. Сынақтан кейін сұқпада 1 мм-ден асатын қалдық өзгерістер болмауға тиіс.

9. Жалпы мақсаттағы аңшылық пышақтарға қойылатын қосымша криминалистік талаптар

36. Осы техникалық талаптар аңшылық жабдық заттары болып табылатын және кәсіптік немесе спорттық аңшылық жағдайларда пайдалануға арналған жалпы мақсаттағы аңшылық пышақтарға қолданылады.

37. Жиналмалы пышақтардың сұқпалары жазылған күйінде мықты бекітілуге тиіс (яғни бекіткіші болуға тиіс).

38. Жалпы мақсаттағы аңшылық пышақтарының сұқпалары, заттары және аспаптары өткір бөлігімен саңлауға кіруге тиіс, бұл ретте оларды алып жүргенде және қолданғанда қауіпсіздік қамтамасыз етілуге тиіс.

39. Жалпы мақсаттағы аңшылық пышақтың құрылымы негізгі функцияларын (нысананы зақымдау) орындаудан басқа, қосымша функцияларды (тұтас етті мүшелеу, теріні сыпыру) орындауға көзделуі мүмкін, яғни пышақ екі мақсатта пайдалануы мүмкін.

40. Жалпы мақсаттағы жиналмалы аңшылық пышақтарының сұқпалары, заттары мен керек-жарақтары саптың саңылауынан неғұрлым оңай шығуы тиіс. Жалпы мақсаттағы жиналмалы аңшылық пышақтар сұқпаларын, заттарын және аспаптарын ашуға ыңғайлы болу үшін сапта қол жетуді жеңілдететін тереңдіктер немесе ойықтар не сұқпаларда, заттар мен аспаптарда арнайы тереңдіктер немесе шошақтар болуға тиіс.

41. Жалпы мақсаттағы жиналмалы пышақтар құрылымында сұқпасының бекіткіші пружинасыз болуы да мүмкін (қаңқалы, серпінді, "көбелек" типтес және т.б.).

10. Аңшылық қанжарларға қойылатын қосымша криминалистік талаптар

42. Осы техникалық талаптар аңшылық жабдық заттары болып табылатын және кәсіпшілік немесе спорттық аңшылық жағдайларда пайдалануға арналған аңшылық қанжарларға қолданылады.

43. Аңшылық қанжарларда өткір жауынгерлік ұшы бар симметриялы екі жүзді нысанды сұқпасы болуға тиіс. Аңшылық қанжарлардың ұшы (өткір соңы) сұқпаның ортаңғы сызығында болуға тиіс.

Сұқпада жырымдалған жаралар салуға арналған шығыңқы (ойық) болуына жол берілмейді.

44. Аңшылық қанжарларға:

- 1) стилет типтес сұқпалы;
- 2) сұқпаның ұзындығы мен енінің арақатынасы 7:1 және одан артық;
- 3) жүзі қайралмаған;

4) ұлттық немесе жауынгерлік тип бойынша дайындалған қанжарлар жатпайды.

11. Арнайы мақсаттағы аңшылық пышақтарға қойылатын қосымша криминалистік талаптар

45. Осы техникалық талаптар аңшылық жабдық заттары болып табылатын және кәсіпшілік немесе спорттық аңшылық жағдайларда пайдалануға, сонымен қатар шаруашылық қажеттіліктерге арналған арнайы мақсаттағы (мүшелеуге, теріні сыпыруға) аңшылық пышақтарға қолданылады.

46. Осы түрдегі жиналмалы пышақтардың сұқпалары жазылған түрінде бекіткіш арқылы мықты бекітілуге тиіс.

Осы түрдегі пышақтардың сұқпа сыртында сүйек кесетін кішкентай ара, ал сұқпа сыртында ауыз ашқыш, сомын кілті және т.б. түрдегі арнайы ойықтар болуы мүмкін.

47. Арнайы мақсаттағы аңшылық пышақтар сұқпасының ұзындығы мен қалыңдығына қарамастан мына жағдайларда суық қару болып табылмайды:

1) сұқпаның ұшын және саптың жоғары шетін қосатын шартты сызықтан жоғары алғанда сұқпа сыртының ең көп иілу мөлшері 15 мм-ден асса.

Иілу мөлшерін өлшеу үшін сұқпаның ұшын және саптың жоғары шетін тура сызықпен қосу керек. Өлшеу сұқпа сыртының ең көп иілген жерінде жүргізіледі;

2) сұқпа сыртының жүзі жағына ең көп иілген жері 5 мм-ден асса.

Сұқпаның иілуі тура сабынан басталуы мүмкін, сұқпаның ұшы сыртының сызығынан 5 мм-ден аса жоғары орналасқан;

3) пышақтың құрылымы нысананы зақымдауға (зақымдайтын сабы пышақпен шанышпалы соққы соғуға арналмаған, ұшының нысаны және сұқпаның қалыңдығы зақымдау қасиетін және басқаларын неғұрлым төмендетеді) арналмаған және оны қамтамасыз етпейді. Егер екі жақты шектегіштің жалпы биіктігі немесе бір жақты шектегіштің (таяныштың) биіктігі не саусақ асты ойықтың тереңдігі 5 мм-ден аз болса, пышақтық сабын зақым келтіруші деп санауға болады.

48. Сыртқы пішіні мен құрылымы бойынша арнайы мақсаттағы аңшылық пышақтармен ұқсастығы бар, бірақ оларға осы криминалистік талаптардың 47-тармағында көрсетілген техникалық сипаттамаларға сәйкес келмейтін пышақтар екі мақсаттағы болып келеді және олардың айналымы "Жалпы мақсаттағы аңшылық пышақтар" деген бөлімнің талаптарына сәйкес анықталады.

49. Арнайы мақсаттағы аңшылық пышақтар сұқпасының қаттылығы шексіз.

50. Арнайы мақсаттағы аңшылық пышақтардың сұқпалары біршама мықты болуға тиіс, бірақ майыстырған кезде қалдық өзгерістері болуы мүмкін. Сынақтан кейін қалдық өзгерістері 1 мм-ден асуы мүмкін.

12. Тіршілікті сақтауға арналған пышақтарға қойылатын криминалистік талаптар

51. Осы техникалық талаптар, аңшылық жабдық заттары болып табылатын, жалпы мақсаттағы аңшылық пышақтар түрінде кәсіпшілік немесе спорттық аңшылық жағдайларда пайдалануға, сонымен қатар ауыр жорықтық жағдайларда , саяхат және спорттық туризммен айналысқанда пайдалану үшін тіршілікті сақтауға арналған пышақтарға қолданылады.

52. Тіршілікті сақтауға арналған пышақтарда міндетті түрде қосымша (біз, консерві ашқыш, компас және т.б.) және арнайы мақсаттағы (экстрактор, қысу сақинасы, сүйек кесетін кішкентай ара, балық аулау құралдары, рогатка, тері сыпыратын пышақ, адырна, дәрі қорап, шырпылар және басқалары) заттар мен аспаптар болуға тиіс. Қосымша заттар мен аспаптар пышақ сабының қуысында немесе тысында (қынабында) орналасады.

53. Тіршілікті сақтауға арналған пышақ сабының айрықша құрылымдық ерекшелігі оның металдан (сирек - басқа да мықты материалдардан) жасалатындығы болып табылады, әдетте іші қуыс және бұранды жалғастырушының көмегімен бекітілетін сыртпен жабылатын болады. Саптың мұндай құрылымы қосымша заттар мен аспаптарды жинақы сақтауды да қамтамасыз етеді, сондай-ақ пышақты ағаш сапқа қондыруға (бұл жағдайда пышақ найзаның ұшы ретінде қызмет етеді) мүмкіндік береді.

13. Ұлттық киімдердің керек-жарағы болып табылатын суық қаруға (қылыштар және қанжарлар) қойылатын криминалистік талаптар

54. Осы техникалық талаптар сұқпалы суық қарудың бір түрі болып табылатын ұлттық киімдермен бірге алып жүруге арналған қылыштар мен қанжарларға қолданылады.

55. Қылыштар мен қанжарлар адамды соғуға есептелген шабу-кесу (қылыштар) немесе шанышпалы-кескіш (қанжарлар) соққыларды қамтамасыз ететін сұқпадан және қылыштың сабынан (гардасы бар немесе жоқ саптан не қиылысқан немесе тіректен) тұруға тиіс.

56. Қылыштар мен қанжарлар сұқпасының сабымен қосылған жері тығыз және берік болуға тиіс. Қылыштардың сұқпасының сабына жалғанған жерінің мықтылығын тексеру үшін диаметрі 150-200 мм кепкен қарағай бөренеге көлденең бес жеткілікті түрде қатты шабу-кесу соққысын (адамды зақымдауға

есептелген соққы қуаты 20-50 Дж) жасау керек. Сынақ жүргізілгеннен кейін сұңғы мен қылыш сабының қосылған жерінде босаңқылыққа жол берілмейді.

Қылыш сұқпанының сабына жалғанған жерінің мықтылығын анықтау үшін қалыңдығы кемінде 30 мм қарағай тақтайшасына 20-50 Дж қуатпен кемінде бес қатты шанышпалы соққы жасау керек. Сұқпан мен қылыш сабының қосылған жерінде босаңқылыққа жол берілмейді.

57. Қылыштар мен қанжарлардың сұқпасының жүзін қатты қайрамай-ақ ж а с а у ғ а б о л а д ы .

Түпкілікті қайрауды және өз деңгейіне жеткізуді иесі жүзеге асыра алады.

58. Сұқпандарды қолатпен қоса, қолатсыз жасауға рұқсат етіледі. Қолаттың саны регламенттелмейді.

59. Қылыштар мен қанжарлар осы криминалистік талаптардың 30 және 32-тармақтарында көзделген талаптарға толықтай жауап беруге тиіс.

60. Қылыштар және қанжарлар ағаштан, металдан немесе пластмассадан жасалып, былғарымен, былғарыны ауыстыратындармен, басқа да материалдармен қапталған немесе қапталмаған, қатты қауіпсіздік қынабында болуы тиіс. Бұл ретте қылыштар мен қанжарлардың сұқпаны қынабында мықты ұсталуға, бірақ қажет болған кезде олардан оңай алынуға тиіс.

61. Қылыштар мен қанжарлар сұқпанының түп жағында тіркеуге арналған нөмірі және жасаушының таңбасы болуға тиіс.

Таңбалау белгілерін салудың әр түрлі әдістеріне (қалыптама, нақыштама, өңдеу, күйдіру) рұқсат етіледі. Таңдап алынған тіркеу нөмірін және жасаушының таңбасын салу тәсілі олардың қарудың барлық пайдалану уақытына сақталуын қамтамасыз етуі тиіс.

62. Қылыштар мен қанжарлар мынадай ұзындық сипаттамаларына сай болуы т и і с :

- 1) жалпы ұзындығы - 920 мм-ден 1040 мм-ге дейін;
- 2) сұқпаның ұзындығы - 790 мм-ден 880 мм-ге дейін;
- 3) сұқпа сыртының қалыңдығы - кемінде 6,0 мм;
- 4) сұқпаның ені - 23-тен 36 мм-ге дейін;
- 5) сұқпаның қисықтығы - 42-ден 73 мм-ге дейін.

Қылыштар мен қанжарлар сұқпасының ұзындығы өткір соңынан (ұшынан) тығырыққа дейін, ал ол болмаған жағдайда қылыш сабының қиылысқан жеріне тіреуішіне дейінгі мөлшермен анықталады.

Сыртының қалыңдығы сұқпаның неғұрлым жуан жерінен (мысалы, дүмінен) өлшенеді. Сұқпаның қисықтығы сұқпа сыртының төмен түскен ең үлкен майысу нүктесінен сұқпа ұшын оның дүмінің биік нүктесімен қосатын түзу сызыққа дейін перпендикулярларының ұзындығымен анықталады.

63. Ұлттық киімнің керек-жарағы болып табылатын қанжарлар мынадай ұзындық сипаттамаларына сай болуы тиіс:

- 1) жалпы ұзындығы - 400-ден 600 мм-ге дейін;
- 2) сұқпаның ұзындығы - 300-ден 440 мм-ге дейін;
- 3) сұқпаның қалыңдығы - кемінде 5,0 мм;
- 4) сұқпаның ені - 25-тен 45 мм-ге дейін.

Сұқпаның ұзындығы өткір соңынан (ұшынан) шектеуге дейін, ал ол болмаған жағдайда сабының тіреуішіне дейінгі ұзындықпен анықталады.

Енінің қалыңдығы сұқпаның неғұрлым жуан жерінен (мысалы, қаттылық қабырғасынан) өлшенеді.

64. Ж а л п ы м а с с а с ы :

- 1) қылыштардың - 1000-нан 2000 г-ға дейін;
- 2) қанжардың - 450-ден 750 г-ға дейін.

65. Азаматтық суық қару болып табылатын және 1994 жылдан кейін жасалған қылыштар мен қанжарлар сұқпалары мықты, шымыр болуы және майыстырғанда түрі қалдық өзгерісі болмауға тиіс.

66. Қылыштар құрылымының мықтылығы мен шымырлығы көмір қышқылды болаттан жасалған сұқпаның өткір соңын (ұшын) 1/8 ұзындықта және болат құрыштан жасалған сұқпа үшін 1/13 ұзындықта майыстыру арқылы анықталады.

67. Қанжар сұқпаның ұзындығы 300 мм болған кезде оның өткір соңы (ұшы) 21 мм-ге майыстырылады. Сұқпаның ұзындығы 25 мм-ге ұзарған сайын, майысу ш а м а с ы 2 м м - г е ө с е д і .

Сынақтан кейін қылыш пен қанжардың сұқпанында 1 мм асатын қалдық өзгерістер болмауға тиіс.

68. Қылыштар сұқпасының морттығын тексеру үшін қылышпен ені 150-200 мм және қалыңдығы кемінде 30 мм тегіс қарағай тақтай бойын қылыштың жалпақ жағымен орташа күшпен (соққы қуаты 20-30 Дж) екі-үш соққы жасалады . Сұқпа металының сынақтан кейін шытынауына және үгітілуіне жол берілмейді.

14. Туристік пышақтарға қойылатын криминалистік талаптар

69. Осы техникалық талаптар туристік жабдық заттары болып табылатын және сауықтыру мен спорттық туризммен, сондай-ақ оның арнайы түрлерімен айналысу кезінде жорыққа шығуға пайдалануға арналған туристік пышақтарға қ о л д а н ы л а д ы .

Туристік пышақтар сұқпалы суық қаруға жатпайды.

70. Туристік пышақтар осы криминалистік талаптардың 23-тармағына сәйкес үш түрге бөлінеді.

71. Жиналмайтын туристік пышақтар тіршілікті сақтауға арналған пышақтардың типі бойынша жасалуы мүмкін.

72. Туристік пышақтар сұқпадан және қолсаптан тұрады, сондай-ақ тіреуіші (немесе шектеу) болуы не пышақты мықты ұстауды қамтамасыз ететін қолсапта саусақ асты ойықтары болуы мүмкін.

73. Туристік жиналмайтын және құрастырмалы пышақтар сұқпанының сабымен қосылған жері жеткілікті түрде қатты және мықты болуға тиіс.

74. Туристік жиналмалы пышақтардың сұқпаны жазылған түрінде бекіткіште болуы мүмкін (яғни бекіткіштің болуына рұқсат етіледі).

75. Туристік пышақтарда осы криминалистік талаптардың 52-тармағына сәйкес тіршілікті сақтауға арналған пышақтардың құрылымында көзделген тұрмыстық және арнайы мақсаттағы қосымша заттар мен аспаптар болуы мүмкін.

76. Мұндай пышақтардың құрылымы, егер сұқпаның ұзындығы 90 мм-ден аспаса, сұқпа пружинасыз (қаңқалы, серпінді, "көбелек" типтес және т.б.) бекітілуі мүмкін.

77. Туристік пышақтар сұқпаларының шекті мөлшері:

1) пышақ құрылымында тіреуіш немесе шектеуіш не саусақ асты ойығы болған кезде ұзындығы - 90 мм-ге дейін;

2) пышақ құрылымында тіреуіш немесе шектеуіш болмаған немесе саусақ асты ойығы болмаған кезде ұзындығы - 150 мм-ге дейін.

Сұқпаның ұзындығы өткір соңынан (ұшынан) шектеуге дейін, ал ол болмаған жағдайда сабының тіреуішіне дейінгі мөлшермен анықталады;

3) сырт қалыңдығы - 2,4 мм-ден аспайды.

Туристік жиналмалы, жиналмайтын және құрастырмалы пышақтар сыртының қалыңдығы, егер сұқпаның ұзындығы 90 мм-ден аспаса 2,4 мм-ден астам болуы мүмкін.

Сыртының жуандығы сұқпаның неғұрлым жуан жерінен өлшенеді (мысалы, дүмінен).

78. Сұқпаның қаттылығы шексіз. Туристік пышақтардың сұқпалары біршама мықты болуға тиіс, бірақ майыстырғанда іздер қалуы мүмкін.

15. Спорттық, демалыс пен көңіл көтеруге арналған арбалеттерге және олардың снарядтарына қойылатын криминалистік талаптар

79. Осы техникалық талаптар оларды спорттық жаттығулар мен жарыстар жүргізген кезде пайдалануға арналған спорттық мұкамал заттары болып табылатын спорттық арбалеттер мен олардың снарядтарына, сондай-ақ демалыс пен көңіл көтеруге арналған арбалеттер мен олардың снарядтарына қолданылады.

Спорттық арбалеттер лақтыратын азаматтық спорттық қаруға жатады.

Арбалеттерде: жасаушы-кәсіпорынның жеке нөмірін және таңбасын (атауы, тауар белгісі немесе логотип) таңбалайды. Демалыс пен көңіл көтеруге арналған арбалеттерде жеке нөмірдің болмауына жол беріледі.

Арбалеттің негізгі бөлшектерінің біріне көрінетін тұсқа (сыртына, бағытталған тілімшеге, құндаққа) таңба соғылады. Арбалетке қосымша орнатылатын құрылғылар таңбаны жаппауға тиіс.

Таңбалаудың әртүрлі әдісіне (қалыптау, нақыштама, өңдеу, күйдіру және басқалары) рұқсат етіледі. Таңдап алынған таңба салу түрі анық, жай көзге айқын оқылатын және арбалетті пайдалану кезеңінің барлығында таңбаның сақталуын қамтамасыз етуге тиіс.

80. Спорттық арбалеттер төрт санатқа бөлінеді:

д ә с т ү р л і ;

м а т ч т і ;

ж о р ы қ т ы қ ;

әмбебап.

81. Дәстүрлі арбалеттердің құрылымдық ерекшелігі пайдаланылатын снарядтың түрімен және шаппасын қайыру тетігінің типімен анықталады.

82. Дәстүрлі арбалеттердің адырнасын дайындау үшін табиғи материалдар пайдаланылады.

83. Дәстүрлі арбалеттерге арналған оқтың немесе болттың пішіні қатты ағаштан жасалады, табиғи материалдардан (ағаштан, былғарыдан, құстың қанатынан) тірегіші болады.

Оқтың немесе болттың ұшы оське симметриялы болып металдан жасалады.

Қауырсынның саны, олардың нысаны және оқтың пішініне орналасуы, сондай-ақ оқ немесе болт ұштарының құрылымы мен нысаны арбалетті пайдаланудың нақты шарттарын ескере отырып айқындайды.

Қыры және кесетін жиегі бар істік ұштарды қолдануға тыйым салынады.

84. Матчті арбалет дәстүрлі спорттық арбалеттің қазіргі заманғы дамыған құрылымы болып табылады. Матчті арбалеттің құрылымдық ерекшеліктері снаряд - болттарды ату үшін қолданылатын түрімен, адырнаны көтеру тетігінің болуымен және арбалетті пайдалану шартымен анықталады.

85. Матчті арбалеттердің құрылымдық ерекшеліктері жарыстар жүргізу ережесімен анықталады.

86. Матчті арбалеттер үшін адырналар синтетикалық немесе болат жіптерден жасалады және соңында кішкене дөңгелектер орнатылған ілгектері болады; олар садақ иінінің соңындағы таққышқа осьтің көмегімен бекітіледі.

87. Матчті арбалеттің снаряды - болт нысаны мен мөлшері жарыстар өткізу ережесінде көзделген болат ұшты болады.

Матчті арбалеттер үшін болттың массасы шексіз.

88. Жорықтық арбалет жеңіл арбалет құрылысының дамуын көрсетеді.

Жорықтық арбалет құрылымының ерекшелігі снарядты ату үшін қолданылатын түрімен, адырнаны көтеру тетігінің жоқтығымен және арбалетті пайдалану шарттарымен анықталады.

89. Адырна синтетикалық жіптен жасалады.

90. Адырнаны көтеру үшін қосымша құралдар айрықшалық ретінде тек мүгедек-спортшыларға рұқсат етіледі.

91. Жорықтық арбалеттерге оқтар оған жарамды кез келген материалдан жасалады және нысаны мен мөлшері жарыстар өткізу ережесінде анықталған металл ұштары болады. Қауырсынның санында, олардың нысаны мен мөлшерінде, сондай-ақ оқтың массасында белгіленген шектеулер болмайды.

92. Жорықтық арбалеттерде жарыстар өткізу ережесінде рұқсат етілген қосымша құралдар: жүктер, өтемдеуіш пен тұрақтандырғыш орнатылуы мүмкін.

93. Әмбебап арбалеттерге аз сериямен шығарылатын құрылымы жеңілдетілген арбалеттер жатады. Әмбебап арбалеттердің құрылымында тек механикалық шаппалы тетік қана қолданылады.

94. Әмбебап арбалеттердің жұмыс адырнасы синтетикалық жіптен жасалады.

95. Әмбебап арбалеттер үшін оқтар кез келген жарамды материалдан жасалады; олардың ұштары сопақша түрде болады.

Ұшының диаметрі оқтың пішінінің диаметрімен бірдей.

Қауырсынның нысанында, мөлшерінде, санында және массасында белгіленген шектеулер болмайды. Кез келген нысандағы құйрықшалар мен құрылымдар пайдаланылуы мүмкін.

96. Әмбебап арбалеттерде жасаушы-кәсіпорынның нұсқаулығымен және ерекшелігімен анықталған арбалетке қоса берілетін құрылғылар мен аспаптар ғана орнатылуы мүмкін.

97. Осы талаптармен дәстүрлі спорттық арбалеттердің мынадай негізгі параметрлері белгіленген:

садақтың ең үлкен серпілуі..... 900 мм;

нысаналы сызықтың ең үлкен ұзындығы..... 720 мм;

садақтың ең жоғары күші (адырнаның тартылу күші)..... 120 кг.

Садақтың серпілуі адырна орнатылған кезде оның сыртқы ұшы бойынша өлшенеді.

98. Осы талаптармен матчті арбалеттердің және оның болттарының негізгі параметрлерінің мынадай мәндері белгіленген.

1) 30-м матчті арбалеттер:

нысаналы сызықтың ең үлкен ұзындығы..... 720 мм;

намушниктің ең үлкен ұзындығы..... 60 мм;

2) адырнаның ұзындығы:

номиналды..... 820 мм (рұқсат +3 % - 0,5 %);

рұқсат етілген..... 608 мм;

садақтың күші (адырнаның тартылу күші)..135 кг (рұқсат - 5 %);

арбалеттің ең үлкен массасы (қосымша жабдықтармен бірге).8 кг;

белбеудің ені..... 40 мм.

3) 30-м матчті арбалеттердің болттары:

ұштың материалы..... болат;

цилиндрдің диаметрі..... 6 мм (рұқсат - 0,05 мм);

цилиндрдің ең қысқа ұзындығы..... 15 мм;

цилиндр бүйірінің шығыңқылығы..... 5 мм.

Цилиндр капталының бетінде бұранданың болуына рұқсат етіледі.

4) 10-м матчті арбалеттер:

нысаналы сызықтың ең үлкен ұзындығы..... 720 мм;

намушниктің ең үлкен ұзындығы..... 60 мм;

5) адырнаның ұзындығы:

номиналды..... 608 мм (рұқсат +3 % - 0,5 %);

рұқсат етілген 530 мм (рұқсат +3 %/ - 0,5%); 500 мм (рұқсат

+ 3 % - 0,5 %) ;

498 мм (рұқсат + 3 %/ - 0,5 %); 448 мм (рұқсат + 3 % - 0,5 %)

садақтың күші (адырнаның тартылу күші) 80 кг (рұқсат + 5 %);

арбалеттің ең үлкен массасы..... 6,75 кг;

6) 10-м матчті арбалеттердің болттары:

ұшының материалы..... болат;

цилиндрдің диаметрі..... 10 мм;

цилиндр бүйірінің шығыңқысы..... 0,5 мм.

Цилиндр капталының бетінде бұранданың болуына рұқсат етіледі.

99. Осы талаптармен жорықтық арбалеттердің және оның жебелерінің негізгі параметрлерінің мынадай мәндері белгіленген:

1) жорықтық арбалеттер:

нысаналы сызықтың ең үлкен ұзындығы..... 720 мм;

намушниктің ең үлкен ұзындығы..... 60 мм;

артқы нысананың ең үлкен ұзындығы

(блендамен және көз үстімен бірге)..... 150 мм;

иінінің ең үлкен серпуі..... 900 мм;

садақтың ең жоғары күші (адырнаның тартылу күші)..... 43 кг;

адырнаның ең жоғары жұмыс жүрісі..... 300 мм;

арбалеттің ең үлкен салмағы (қосымша құралдармен бірге)..... 6,75 кг.

- 2) жорықтық арбалеттерге оқтар:
ұштың түрі..... сопақша;
ең үлкен мұқалу бұрышы (конусты ұштар үшін)..... 60 градус;
ең үлкен калибр үсті (оқтың диаметрінен ұштың диаметрінің асып түсуі)..... 2 мм;
3) оқтың ұзындығы:
ең кіші..... 304 мм;
ең үлкен..... 457 мм.

100. Осы талаптармен әмбебап (спорттық-аңшылық) арбалеттердің және оның жебелерінің негізгі параметрлерінің мынадай мәндері белгіленген:

- 1) әмбебап арбалеттер:
иінінің ең үлкен серпілуі:
рекурсивті садақ..... 914 мм;
"компаунд" садағы..... 762 мм;
садақтың ең жоғары күші (адырнаның тартылу күші)..... 68 кг (рұқсат +5 %);
арбалеттің ең үлкен салмағы (нысанамен бірге)..... 4,5 кг.

Садақ иінінің серпуі рекурсивті садақтардың иінінің соңындағы сырты бойынша не "компаунд" типті садақтардың блоктар - эксцентриктердің осьтері бойынша орнатылған адырна кезінде өлшенеді.

- 2) әмбебап арбалеттерге орнатылған жебелер:
ұштың нысаны..... сопақша;
ұштың ең кіші массасы белгіленбейді;
3) жебенің ұзындығы:
ең кіші..... 355 мм;
ең үлкен..... 610 мм.

101. Спорттық арбалеттерде:

- 1) әртүрлі шымыр қасиеті бар қозғалмалы бөлікті құрамдастырылған садақтарды ;
2) тігінен орналасқан садақтарды;
3) садақты көтеру үшін пневматикалық және гидравликалық аспаптарды (активаторларды) ;
4) арбалеттің корпусындағы түзету линзасын орнатуға рұқсат етілмейді.

102. Демалыс және көңіл көтеруге арналған арбалеттер құрылымының сырт пішіні спорттық арбалеттерге ұқсас, сондай-ақ тапанша типтес құрылымы болуы мүмкін.

103. Жауынгерлік қасиетінің жоқтығын қамтамасыз ететін демалыс және көңіл көтеруге арналған арбалеттердің негізгі техникалық параметрлері:

1) демалыс және көңіл көтеруге арналған арбалеттер:
садақтың күші (адырнаның тартылу күші)..... 20 кг аспайды;
арбалеттің ең үлкен массасы (нысанамен бірге)..... 3,5 кг;

2) демалыс және көңіл көтеруге арналған арбалеттердің жебелері мен
б о л т т а р ы :

жебе ұшының нысаны..... сопақша;
снарядтың ең үлкен массасы..... 30 г;

3) садақтың күші 20 кг-нан аспайтын демалыс және көңіл көтеруге арналған арбалеттердің нақты үлгісіне штаттық снарядтың құрылымы және техникалық сипаттамасы жақын қашықтықта (5 м-ден аспайды) атыстың нысанаға тию қасиетін тексеру кезінде ұштың нысанаға кіруін болдырмауға тиіс:

құрғақ қарағайлы тақтайға..... 8 мм тереңдіктен аспайды;
арнайы пластикті нысанаға..... 15 мм тереңдіктен аспайды.

16. Спорттық садақтарға және олардың жебелеріне қойылатын криминалистік талаптар

104. Осы криминалистік талаптар оларды спорттық жаттығулар мен жарыстар өткізу кезінде пайдалануға арналған спорттық мұкамал заттары болып табылатын спорттық садақтарға және олардың жебелеріне қолданылады.

Спорттық садақтар спорттық лақтыратын қарудың бір түрі болып табылады.

105. Спорттық садақтар үш түрге бөлінеді:

жай немесе "олимпик" садағы;
күрделі немесе "компаунд" садағы;
жалаң немесе "баребау" садағы.

106. "Олимпик" садағы - жинақталған нысанадан, оқтарға арналған сөреден, тұрақтандырғыш және плунжер жүйесінен тұратын жиналмалы садақ. "Олимпик" сыныбындағы садақтар үшін тартылу күшінің шектеуі болмайды.

107. "Компаунд" садағы - иін үстіндегі блоктар жүйесімен бірге жинақталған нысанадан, сөреден, тұрақтандырғыш және плунжер жүйесінен тұратын жиналмалы садақ.

108. "Баребау" садағы - ешнәрсемен жинақталмаған жиналмайтын садақ. "Баребау" сыныбындағы садақтардың адырнасында тартылу күшінің шектеуі болмайды.

109. Спорттық садақтар кез келген қауіпсіз материалдан жасалады.

110. Спорттық садақтар оларды ату үшін пайдалануды қамтамасыз ететін еркін нысанда және мөлшерде болады.

111. Садақта ең жоғары жобалық тартылу күші мен ұзындығы көрсетілген таңба болуға тиіс.

112. Спорттық садақтардың жебелері еркін ұзындықтағы кез келген материалдан жасалады.

113. Жебе тірегінің мөлшері мен қауырсынның саны шектелмейді.

114. Жебенің ұшы еркін нысанда және нысанадағы жебені ұстап тұруды қамтамасыз етуге тиіс.

115. Спорттық садақтардың және олардың жебелерінің негізгі параметрлері: жарыстарға қатысушылар үшін спорттық садақтардың ең төменгі тартылу күші - 15 кг, жебелер - еркін құрылымда.

116. Лақтыратын қаруға жатпайтын демалыс және көңіл көтеруге арналған садақтардың 5-тен 10 кг-ға дейін тартылу күші болады және оның 8 мм-ден астам тереңдікке құрғақ қарағай тақтайға енуін болдырмайтын жебе құрылымы болады.

17. Сырт құрылымы бойынша суық, лақтыратын қаруға ұқсас кәдесый бұйымдарына қойылатын криминалистік талаптар

117. Осы криминалистік талаптар суық, лақтыратын қару типі бойынша жасалған және интерьерді безендіруге арналған бұйымдар болып табылатын кәдесый бұйымдарға қолданылады.

Сыртқы құрылысы бойынша суық, лақтыратын қаруға ұқсас кәдесый бұйымдары шаруашылық-тұрмыстық мақсаттағы бұйымдардың бір түрі болып табылады.

118. Суық, лақтыратын қарудың белгілі бір үлгілері бойынша жасалған кәдесый бұйымдары нақты қарудың үлгісіне имитациялауға сәйкес келеді, бірақ олардың жауынгерлік қасиетін иеленбейді.

119. Суық, лақтыратын қарудың нақты үлгілерінің типі бойынша жасалған кәдесый бұйымдарының не құрылғылары әлсіз болуға тиіс не оларды жасау үшін жауынгерлік немесе азаматтық қару түрінде пайдалануды болдырмайтын материалдарды қолдануға тиіс.

120. Суық, лақтыратын қарудың үлгілері бойынша орындалған кәдесый бұйымдары мынадай түрде жасалуы мүмкін:

1) оның сыртқы түрі мен мөлшері дәл жасалған, бірақ бұйымның жауынгерлік қасиетін мүлдем жоятын едәуір әлсіз құрылымы бар суық, лақтыратын қарудың нақты үлгісінің көшірмесі;

2) қару түрінде пайдалануға мүмкіндік бермейтін ауқымды макет;

3) суық немесе лақтыратын қарудың тек сыртқы түрін бейнелейтін және жауынгерлік қасиетін толықтай жоятын нақпінші.

121. Сұңғылы суық қару типі бойынша жауынгерлік қасиеті жоқ кәдесый бұйымдарын дайындауды қамтамасыз ететін техникалық талаптар:

1) сұңғы артын сабымен бекіту сұңғымен не бекіту үшін қолданылатын әлсіз құйылатын материалдармен (сүргі типтес) қосылған жерінің артын кесу (қауіпті кесу) жасанды азайтып айтарлықтай әлсіреді;

2) кәдесый бұйымдары жауынгерлік ұзын сұңғылы суық қарудан жасалуы да мүмкін; бұл ретте сұңғы артын қылыштың сабының қосылған жерімен көлденең тереңдігін айтарлықтай тіліп, құрылғының әлсіреуі жүзеге асырылады. Тілік міндетті түрде артының осін кесіп өтуге, ал тіліктің тереңдігі бұйымды қару түрінде пайдалану әрекетінде оның қирауы үшін жеткілікті болуға тиіс. Нақты бұйымдар үшін тіліктің тереңдігі эмпириялық түрде іріктелуі мүмкін;

3) сұңғылы суық қару типі бойынша жасалған кәдесый бұйымының сабы бұйымды қару ретінде пайдалану әрекеті кезінде сұңғының жауынгерлік орындалуы жағдайында сынуға тиіс, яғни осы кезде түсетін салмақты көтере алмайтын әлсіз материалдардан жасалуға тиіс;

4) ұзын құйрықты суық қару типі бойынша жасалған кәдесый бұйымдары мықтылығын сынау кезінде диаметрі 150-200 мм бөренені 1-ден артық соққыны к ө т е р м е у г е т и і с ;

5) танто-пышақ типі бойынша жасалған кәдесый пышақтарының сұңғы ұшының нысаны есебінен жауынгерлік қасиеттерін төмендетуді қамтамасыз ететін арнайы жүзі болуға тиіс; сырты жоғарыдан қараған кезде сұңғы ұшының жанындағы қырының мөлшері 3 мм-ден 4 мм-ге дейін және бұрыштарының үйлесуі 75-тен 90 градусқа дейін болуға тиіс, ал осы пышақтың сырты мен жүзі бұрыштарының үйлесуі 75 градустан төмен болмауға тиіс.

122. Соғып-ұсақтағыш және өзге де, сондай-ақ жауынгерлік қасиеті жоқ лақтыратын қарудың типі бойынша кәдесый бұйымдарын дайындауды қамтамасыз ететін техникалық талаптар:

1) кәдесый бұйымдары мұндай бұйымдардың жауынгерлік қасиетін жоқтығын толығымен қамтамасыз ететін материалдардан ғана дайындалуға тиіс (іші бос нақпішін, пластмасса, резеңке, тез балқитын материалдар және т.б.);

2) кішірейтілген ауқымдағы кәдесый бұйымдарын дайындау үшін олардан жауынгерлік және азаматтық үлгідегі соққы қаруларды дайындайтындарға сәйкес келетін материалдар пайдалануы мүмкін. Бұл ретте бұйымның ауқымы бұйымның жауынгерлік қасиетін (эмпириялық түрде анықталады) толығымен жоятын болуға тиіс.

3-бөлім. Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сынау әдістері

18. Сынау міндеті

123. Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сынау әдістері (бұдан әрі - әдістер) криминалистік талаптарды іске асыруды қамтамасыз ете отырып, сынаудағы үлгінің азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарына жататындығын белгілеуге және оның типі мен түрін анықтауға арналған. Сыналатын үлгінің азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондары үлгілерінің тиесілігі туралы мәселе теріс шешімін тапқан жағдайда оны белгілі топтағы арнайы құралдарға немесе сырт құрылысы осындай қаруларға ұқсайтын шаруашылық-тұрмыстық мақсаттағы бұйымдарға жатқызу.

19. Сынау мақсаты

124. Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының криминалистік талаптарға сәйкестігін анықтау.

20. Сынау объектілері

125. Ойық және тегіс ұңғылы атыс қарулары ұңғысыз, белгі беру, газды, электрлі, пневматикалық қарулар, олардың патрондары сияқты, сондай-ақ отандық және шетелде шығарылған қаруға құрылымы ұқсас бұйымдар.

Сынақтар жүргізу үшін (Қазақстан Республикасының аумағына қарудың жеке (коллекциялық және өзіндік дара) данасы енгізілген жағдайдан басқа) мыналар ұсынылады:

1) өзін-өзі қорғау қаруы және белгі беру қаруы - әрбір моделі немесе түрленуі кемінде 20 дана патронымен (газды қаруға қосымша бос патрондар ұсынылады) 3 дана;

2) қызметтік, спорттық және аңшылық қару - әрбір моделі немесе түрленуі кемінде 30 дана патронымен (снарядымен) 2 дана;

3) қызметтік және азаматтық қаруларға патрондар шығарушы кәсіпорынның бастапқы орамасындағы кемінде 20 дана.

Ескерту. 125-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.12.07 № 1483 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

126. Сұқпалы суық және лақтыратын қару, сондай-ақ сыртқы пішіні осындай қаруға ұқсас бұйымдар. Сынақтар жүргізу үшін Қазақстан Республикасының аумағына қарудың жеке данасы (коллекциялық және өзіндік дара) енгізілген жағдайдан басқа) мыналар ұсынылады:

1) сұқпалы суық және лақтыратын қару болып табылатын заттар - әрбір моделі немесе түрленуі 3 дана;

2) сұқпалы суық және лақтыратын қаруға сыртқы пішіні бойынша ұқсас арнайы құралдар - әрбір моделі немесе түрленуі 4 дана;

3) сұқпалы суық және лақтыратын қаруға сыртқы пішіні бойынша ұқсас шаруашылық-тұрмыстық мақсаттағы бұйымдар - әрбір моделі немесе түрленуі 2 дана ;

4) арбалеттерге немесе садақтарға снарядтар - әрбір түрленуі 15 бірлік.

21. Құжаттар мен материалдар

Ескерту. 21-тарау алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2011.12.07 № 1483 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

22. Сынау құралдары

128. Сынау құралдарына мыналар жатады:

1) снарядтардың ұшу жылдамдығын секундына 0,1 метр дәлділігімен (бұдан әрі - м/сек) өлшейтін өлшеуіш;

2) баллистикалық сәйкестендіру кешені;

3) салыстырмалы микроскоп;

4) өнеркәсіптік және қолдан жасалған атыс қаруынан атуға арналған әмбебап құрылғы ;

5) газды және белгі беру қаруларын сынауға арналған қондырғы;

6) 4,5 - 11,43 мм калибрлі және 12 калибрге дейінгі аңшылық патрондарды атуға арналған құрылғы ;

7) 12,7-ден 15 мм-ге дейінгі калибрлі оқ-дәрілерді атуға арналған құрылғы;

8) белсенді дыбысқағарлар;

9) ұзын ұңғылы қаруды сақтауға арналған шкаф;

10) қысқа ұңғылы және ұңғысыз қаруды сақтауға арналған шкаф;

11) оқ-дәрілерді сақтауға арналған шкаф;

12) "Патрон", "Қару", "Таңба", "Мылтық" ақпараттық-іздеу жүйелері;

13) патронды бөлшектеуге арналған құрал;

14) 0,01 г дәлдігімен өлшейтін таразылар;

15) 0,01 мм дәлдігімен өлшейтін микрометр;

16) 0,1 мм дәлдігімен өлшейтін штангенциркуль;

17) 1 мм дәлдігімен өлшейтін металл сызғыш;

18) 1 мм дәлдігімен өлшейтін рулетка;

19) бинокулярлық стереоскопиялық микроскоп;

20) адам тініне ұқсайтын пластикалық нысана;

21) "Кистень" құралы ;

- 22) қаттылықты өлшейтін аспап;
 23) "Сертификат" ақпараттық-іздеу жүйесі;
 24) ауыспалы моноблокты рентген аппараты;
 25) цифрлық фотоаппарат;
 26) суық қару сұқпасының беріктілігін және шымырлығын тексеруге арналған құрылғы;
 27) садақ пен арбалет адырналарының тартылу күшін өлшеуге арналған құрылғы;
 28) репродукциялық құрылғы;
 29) суық қаруды сақтауға арналған шкаф;
 30) "Сұқпа" ақпараттық-іздеу жүйесі;
 31) суық қарудың және шаруашылық-тұрмыстық мақсаттағы бұйымдардың коллекциясы, анықтамалық әдебиет, каталогтар мен техникалық құжаттама;
 32) отандық және шетелде шығарылған қарулар мен патрондардың коллекциясы;
 33) қару мен патрондарға арналған анықтамалық әдебиет, каталогтар және техникалық құжаттамалар;
 34) слесарлық құралдар жиынтығы.

23. Сынау шарттары

129. Сынау мынадай қалыпты климаттық жағдайларда жүргізіледі:
- 1) ауаның температурасы (С. град) - +10 - +25;
 - 2) ауаның ылғалдығы (%) - 45 - 80;
 - 3) атмосфералық қысым (мм/сын.б.) -730 -780
130. Объектілерді сынау келіп түскен материалдарды тіркеген күннен бастап 20 тәуліктің ішінде жүргізіледі.
- Ескерту. 130-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.12.07 № 1483 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**
131. Сыналатын объектілер сынақтың алдында кемінде 2 сағат қалыпты климаттық жағдайда ұсталады.
- Егер сынақтар барысында алынған нәтижелер белгіленген нормаларға не "Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының ережелеріне қайшы келсе, азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондары криминалистік талаптарға сәйкес келмейді.

24. Атыс, белгі беру, газды, пневматикалық қаруға, оның патрондарына, сондай-ақ құрылымы қаруға ұқсас бұйымдарға сынақ жүргізу барысындағы стандартты есептер мен өлшемдер

132. Қарудың кинетикалық энергиясын анықтау:

1) қарудан кемінде 5 рет ату (егер сынау шарттарында өзгеше мөлшер а й т ы л м а с а) ;

2) ұңғының үрмелі ойығынан 0,5 м қашықтықтағы әрбір ату үшін снарядтың жылдамдығын ө л ш е у ;

3) снарядтың кинетикалық энергиясы мына формула $E = mV^2 / 2$ бойынша е с е п т е у , м ұ н д а :

E - снарядтың кинетикалық энергиясы Дж-мен;

m - снарядтың массасы кг-мен;

V - снарядтың орташа жылдамдығы м/сек-пен.

133. Снарядтың кинетикалық үлес энергиясын есептеу:

1) осы әдістердің 132-тармағына сәйкес снарядтың кинетикалық энергиясын а н ы қ т а у ;

2) снарядтың көлденең қимасының ауданын $S = \pi R^2$ формуласымен есептеу, м ұ н д а :

S - снарядтың көлденең қимасы, мм² ;

π - 3,14 - тұрақты шама;

R - оқтың жетекші бөлігінің радиусы, мм.

3) снарядтың кинетикалық үлес энергиясын $E_y = E/S$ формуласы бойынша е с е п т е у , м ұ н д а :

E_y - снарядтың кинетикалық үлес энергиясы, Дж/мм² ;

E - снарядтың кинетикалық энергиясы, Дж;

S - снарядтың көлденең қимасы, мм² .

25. Атыс, белгі беру, газды, пневматикалық қаруды, оның патрондарын, сондай-ақ құрылымы қаруға ұқсас бұйымдарды сынау тәртібі

Параграф 1. Ойықты және тегіс ұңғылы атыс қаруы

134. Сынақ сыналатын қарудың ұңғы оқпанының белгілері бойынша жауынгерлік қарудан айырмашылығын анықтау үшін сынақ мынадай тәртіппен жү р г і з і л е д і :

- 1) қарудан кемінде 5 рет ату;
- 2) оқтың үстіңгі жағының және өн бойының ойығын дайындау немесе баллистикалық кешендердің көмегімен ойықтың санын, бағытын, енін, қадамын анықтау;
- 3) анықталған нұсқаушы мәліметтерді анықтамалық материалдардағы немесе коллекциялардағы бір типтегі жауынгерлік қару деректерімен салыстыру;
- 4) белгіленген нәтижелерге баға беру және қорытынды жасау.

135. Сынақ бір типтегі оқтарға арналып жасалған қару модельдерінің арасындағы айырмашылықтарды гильзалардағы іздер бойынша анықтау үшін мынадай тәртіппен жүргізіледі:

- 1) қарудан кемінде 5 рет ату;
- 2) атылған гильзалардағы ударниктің (шаппаның), патрон тіреуішінің, шағылдырғыштың және серпігіштің іздерін анықтау;
- 3) іздердің түсу тұрақтылығын бағалау;
- 4) іздердің нысаны мен мөлшерін, серпігіш және шағылдырғыш іздерінің өзара орналасуын анықтау;
- 5) алынған нәтижелерді қарулардың осы типтегі патрондарға дайындалған басқа модельдерінің көрсеткіштерімен салыстыру.

136. Сынақ серпігіш және шағылдырғыш іздерінің өзара орналасуы бойынша бір типтегі патронға арналған түрлі кәсіпорындарда дайындалған көп зарядты магазині бар тегіс ұңғылы қару модельдері арасындағы айырмашылықтарды анықтау үшін мынадай тәртіппен жүргізіледі:

- 1) қарудан кемінде 5 рет ату;
- 2) атылған гильзалардағы ударниктің (шаппаның), оқ тіреуішінің, шағылдырғыш пен серпігіштің іздерін анықтау;
- 3) іздердің түсу орнықтылығын анықтау;
- 4) іздердің нысаны мен мөлшерін, серпігіш пен шағылдырғыш іздерінің өзара орналасуын анықтау;
- 5) алынған нәтижелерді әртүрлі өнеркәсіпте осы типтегі патронға жасалған қарудың басқа модельдерінің көрсеткіштерімен салыстыру.

137. Сынақ ойық ұзын ұңғылы қарудан тапаншалар мен револьверлерге арналып жасалған патрондар ату мүмкіндігін анықтау үшін мынадай тәртіппен жүргізіледі:

- 1) қаруға қолданылатын патронның типін анықтау, оның сипаттамаларын тапаншалар мен револьверге патрондардың сипаттамаларымен салыстыру;
- 2) қаруды тапаншалар мен револьверлердің патрондарымен оқтау және ату мүмкіндігін тексеру.

138. Сынақ ойық қару ұңғысының үрмелі бөлігінде ойықтың немесе атыс дыбысын тұншықтырғыштарды орналастыруға мүмкіндік беретін басқа да

аспаптардың барын анықтау үшін мынадай тәртіппен жүргізіледі:

1) қарудың материалдық бөлігін зерделеу және ұңғысының үрмелі бөлігіне қондырғыны бекіту тәсілін анықтау;

2) атыс дыбысын тұншықтырғышты орнату мүмкіндігін анықтау.

139. Сынақ қарудың, ұңғының немесе ұңғылы қорабы бар ұңғының мөлшерлік сипаттамаларын анықтау үшін мынадай тәртіппен жүргізіледі:

1) қарудың мөлшерлік сипаттамаларын түсіру;

2) мөлшерін қарудың паспорттық деректерімен салыстыру;

3) мөлшерін криминалистік талаптармен салыстыру.

140. Сынақ атылған оқтар мен гильзаларда қарудың бөлшектері белгілері кешенінің көрінуін, сондай-ақ іздердегі сәйкестендіретін белгілердің орнықтылығын анықтау үшін мынадай тәртіппен жүргізіледі:

1) қарудан кемінде 5 рет ату;

2) атылған гильзалардағы іздерден ударниктің (шаппаның), серпігіш ілгегінің, шағылдырғыштың және патрондық тіреуіштің борозда мен білікшеден (трассадан) тұратын беткі қабатқа із қалдырғыш бейнелеуін және олардың қалу орнықтылығын анықтау;

3) атылған оқтардағы ұңғы оқпанының іздерінен борозда мен білікшеден (трассадан) тұратын із қалдырғыштың беткі қабатын бейнелеуін және олардың қалу орнықтылығын анықтау.

141. Сынақ қарудың бетінде өзін жекелендіретін таңбалау белгілерінің (нөмірі, сериясы) болуын және оларды жасау тәсілін анықтау үшін мынадай тәртіппен жүргізіледі:

1) қарудың сериясы мен нөмірінің болуын тексеру;

2) сериясы мен нөмірінің түсірілу тәсілін анықтау;

3) сериясы мен нөмірі элементтерінің тереңдігін өлшеу, алынған нәтижелерді осы криминалистикалық талаптардың 2-тармағында көзделген талаптармен салыстыру.

142. Сынақ ойық аңшылық қарудан жауынгерлік қарудың патрондарымен ату мүмкіндігін анықтау үшін мынадай тәртіппен жүргізіледі:

1) қарудың патрон салатын жерінің мөлшері мен нысанын анықтау, тиісті жауынгерлік патрондарды іріктеу;

2) қаруды жауынгерлік патрондармен оқтау және ату мүмкіндігін тексеру.

Параграф 2. Ұңғысыз атыс қаруы

143. Сынақ қарудың кинетикалық энергиясын анықтау үшін осы әдістердің 132-тармағында көзделген тәртіппен жүргізіледі.

144. Сынақ ұңғысыз қарудан оқ немесе бытыралы снарядтармен жарақталған патрондармен ату мүмкіндігін анықтау үшін мынадай тәртіппен жүргізіледі және бұл ретте снарядқа $0,5 \text{ Дж/мм}^2$ астам кинетикалық үлес энергиясы беріледі:

- 1) қаруды оқ немесе бытыралы патрондармен оқтау мүмкіндігін тексеру;
- 2) патронның калибрі мен типін анықтау, снарядтың массасы мен диаметрін өлшеу, қарудан осы патрондармен кемінде 3 рет ату;
- 3) осы әдістердің 133-тармағына сәйкес снарядтың кинетикалық үлес энергиясын анықтау;
- 4) қару патронының мөлшерін анықтау, сфералық нысандағы қорғасын негізіндегі материалдан эксперименталдық снарядтар дайындау және оқтау;
- 5) осы патрондармен қарудан кемінде 3 рет ату;
- 6) сипаттамалары өзгерген патрондарды пайдалана отырып, осы әдістердің 144-тармағының 4) және 5) тармақшаларында көзделген іс-қимылдарды қайталау ;
- 7) әртүрлі сипаттамалары бар эксперименталдық бытыралы снарядтарды пайдалана отырып, осы әдістердің 144-тармағының 4) және 5) тармақшаларында кезделген іс-қимылдарды қайталау;
- 8) 133-тармаққа сәйкес әрбір атылған снарядтың кинетикалық үлес энергиясын анықтау.

145. Сынақ ұңғысыз қарудың бөлшектері мен тетіктерінің қаруды сәйкестендіруге мүмкіндік беретін атылған гильзаларға түсетін із белгілері кешенімен берілу мүмкіндігін анықтау үшін осы әдістердің 140-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген тәртіппен жүргізіледі.

146. Сынақ қарудың бетінде өзін жекелендіретін таңбалау белгілерінің (нөмірі, сериясы) болуын және оларды түсіру тәсілін анықтау үшін осы әдістердің 141-тармағында көзделген тәртіппен жүргізіледі.

Параграф 3. Белгі беру және газды қару

147. Сынақ қайтарымсыз өзгерместен кинетикалық үлес энергиясы $0,5 \text{ Дж/мм}^2$ астам оқ немесе бытыра снарядтармен оқталған патрондармен белгі беру және газды қарудан ату мүмкіндігін анықтау үшін мынадай тәртіппен жүргізіледі:

- 1) қарудың материалдық бөлігін зерделеу, оқ немесе бытыра снарядтармен оқталған патрондардың атылуына кедергі келтіретін құрылымдық элементтерді анықтау, олар болмаған жағдайда сынақ осы әдістердің 144-тармағында көзделген тәртіппен жүргізіледі;
- 2) оқ немесе бытыра снарядтармен оқталған патрондардың атылуына кедергі келтіретін құрылымдық элементтер болған жағдайда қарудың құрылымына тиісті

өзгерістер енгізу және сынақты осы әдістердің 144-тармағында көзделген тәртіппен жүргізу ;

3) қару құрылымын бастапқы қалыпқа келтіру және қару бөлшектері өзгерістерінің қайтымдылығын бағалау.

148. Сынақ қайтарымсыз өзгеріссіз бұл ретте снарядқа $0,5 \text{ Дж/мм}^2$ астам кинетикалық үлес энергиясын қамтамасыз ете отырып, оқпанның ауызғы бөлігінен оқ немесе бытыра снарядтармен оқталған белгі беру және газды қарудан ату мүмкіндігін анықтау мынадай тәртіппен жүргізіледі:

1) қарудың материалдық бөлігін зерделеу, ұңғының үрмелі бөлігінен оқталатын оқ немесе бытыра снарядтардың атылуына кедергі келтіретін құрылымдық элементтерді анықтау ;

2) ұңғы оқпанының және оқжатар каморасының диаметрін анықтау, диаметрі ұңғы оқпанының немесе оқжатар каморасының диаметрінен 2-4%-ға асатын қорғасын негізіндегі материалдан жасалған сфералық нысанды эксперименталдық снарядтар жасау және қарудың үрмелі бөлігінен оқталуын қамтамасыз ету ;

3) газды және бос патрондарды пайдаланып кемінде 10 рет ату ;

4) эксперименталдық бытыра снарядты пайдаланып, осы әдістердің 147-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-әрекетті қайталау ;

5) осы әдістердің 133-тармағына сәйкес әрбір атысқа арналған кинетикалық үлес энергиясын есептеу ;

6) оқ немесе бытыра снарядтармен оқталған патрондардың атылуына кедергі келтіретін құрылымдық элементтер болған жағдайда қарудың құрылымына тиісті өзгерістер енгізу және сынақты осы әдістердің 144-тармағында көзделгендей жүргізу ;

7) қарудың құрылымын бастапқы қалыпқа келтіру және қару бөлшектері өзгерістерінің қайтымдылығын бағалау.

149. Сынақ белгі беру қаруынан қарудың бөлшектеріне өзгерістер енгізбей газды патрондармен ату мүмкіндігін анықтау үшін мынадай тәртіппен жүргізіледі :

1) патрон салатын жердің немесе қару оқжатары каморасының мөлшерін анықтау, мөлшері бойынша сәйкес келетін газды патрондарды таңдап алу ;

2) қарудың газды патрондармен оқталу және ату мүмкіндігін тексеру.

150. Сынақ атыс қаруының негізгі бөліктерін белгі беру және газды қарулардың бөліктерімен өзара ауыстыру мүмкіндігін анықтау үшін мынадай тәртіппен жүргізіледі :

1) атыс қаруының белгі беру және газды қарумен құрылымы бойынша ұқсас моделін анықтау ;

2) атыс қаруының негізгі бөліктерін (ұңғы, бекітпе, оқжатар, қаңқа, ұңғының қорабы және т.б.) белгі беру және газды қарулардың тиісті бөлшектерімен өзара ауыстыру мүмкіндігін тексеру;

3) қарудың бөліктері мен бөлшектерін ауыстыру және олардың өзара әрекет етуін тексеру.

151. Сынақ дыбыс беру және газды қару ұңғысының қарудың қаңқасына бекітілу тәсілі мен мықтылығын тексеру үшін жүргізіледі:

1) қаруды бөлшектеу;

2) қару бөлшектерін жинау құрылымын зерделеу;

3) ұңғының қаңқаға бекітілу тәсілі мен мықтылығын тексеру.

152. Сынақ дыбыс беру және газды қарудың атылған гильзаларында жеке белгілер кешенімен іздерді түсіру мүмкіндігін анықтау үшін осы әдістердің 141-тармағында көзделген тәртіппен жүргізіледі (ату саны кемінде 10 рет болуға тиіс).

153. Сынақ белгі беру және газды қарудың бетінде таңбалау белгілерінің (нөмірі, сериясы) болуын және олардың жасалу тәсілін анықтау үшін осы әдістердің 141-тармағында көзделген тәртіппен жүргізіледі.

Параграф 4. Пневматикалық қару

154. Сынақ пневматикалық аңшылық немесе спорттық қарудың калибрін және оның кинетикалық энергиясын анықтау үшін мынадай тәртіппен жүргізіледі:

1) қарудың материалдық бөлігін зерделеу және калибрін анықтау;

2) қарудың кинетикалық энергиясын анықтау осы әдістердің 132-тармағында көзделген тәртіппен жүргізіледі (ату саны есептеу кезінде кемінде 3 рет болуға тиіс);

3) алынған нәтижелерді қарудың паспорттық деректерімен және осы криминалистік талаптардың 16-тармағында көзделген талаптармен салыстыру.

155. Сынақ атыс қаруының негізгі бөліктерін пневматикалық қарудың бөліктерімен өзара ауыстыру мүмкіндігін анықтау үшін осы әдістердің 150-тармағында көзделген тәртіппен жүргізіледі.

156. Сынақ пневматикалық қарудың бетінде үрмелі қуаты 7,5 Дж-дан астам және калибрі 4,5 мм-ден артық, таңбалау белгілерінің (нөмірі, сериясы) болуын және оларды түсіру тәсілін анықтау үшін мынадай тәртіппен жүргізіледі:

1) осы әдістердің 141-тармағында көзделген іс-қимылдарды орындау;

2) нәтижелерді қарудың паспортындағы деректермен салыстыру;

3) бұдан әрі сынақ 132-тармақта көзделген тәртіппен жүргізіледі.

Параграф 5. Құрылымы жағынан қаруға ұқсас бұйымдар

157. Сынақ құрылымы жағынан қаруға ұқсас бұйымдардың атыс қаруы ретінде пайдаланылу және кинетикалық үлес энергиясы $0,5 \text{ Дж/мм}^2$ астам снарядтармен ату мүмкіндігін анықтау үшін осы әдістердің 144-тармағында көзделген тәртіппен жүргізіледі.

158. Сынақ қаруға ұқсас бұйымдарды жасау тәсілін және бұйымның бөліктері мен тетіктерінің атыс қаруының бөліктері мен тетіктеріне қатысын анықтау үшін мынадай тәртіппен жүргізіледі:

- 1) бұйымды бөлшектеу;
- 2) құрылымы бойынша бұйымға ұқсас болып табылатын атыс қаруының моделін анықтау;
- 3) атыс қаруының негізгі бөліктерін сыналып жатқан бұйымның сәйкес келетін бөлшектеріне қайта жасау және қиыстыру мүмкіндігін тексеру;
- 4) бөліктер мен тетіктерді қайта жасау кезінде болжанатын біліктілікке талдау жасау.

Параграф 6. Ойық, тегіс ұңғылы, ұңғысыз, газды және белгі беру қаруларына патрондар

159. Сынақ сәйкестендіруге жарамды оқ-дәрілердің бөліктерінде қарудың бөлшектері мен тетіктерінің іздерінің көріну және сақталу мүмкіндігін анықтау үшін мынадай тәртіппен жүргізіледі:

- 1) сулы немесе талшықты оққаққышқа екі сериямен кемінде 10 рет ату;
- 2) атылған гильзалардан ударниктің (шаппаның), патрон тіреуішінің, шағылдырғыштың және лақтырғыштың іздерін, ал атылған оқтардан - ұңғы оқпаны ойығының алғашқы және екінші іздерін анықтау.

26. Суық, лақтыратын қаруды және сырт пішіні бойынша осындай қаруға ұқсас бұйымдарды сынау тәртібі

160. Суық, лақтыратын қаруға жататындығы зерттеу объектісіне мынадай белгілердің екі негізгі тобының жиынтығының болуымен белгіленеді:

- 1) заттың адамның өмірін жоюға немесе өмірі мен денсаулығына қауіпті денеге ауыр жарақаттар салуға; аңды, құсты, ірі балықты жаралауға және ұстауға, сондай-ақ аңдардың шабуылынан қорғануға (бұдан әрі - нысананы зақымдауға) арналғандығын анықтайтын белгілер тобы;
- 2) осы заттың нысананы зақымдауға жарамдылығын анықтайтын белгілер тобы, бұл оның құрылымымен және қасиеттерімен қамтамасыз етіледі.

Суық, лақтыратын қаруға сыртқы пішіні бойынша ұқсастығы бар шаруашылық-тұрмыстық мақсаттағы арнайы құралдар мен бұйымдарда көрсетілген белгілер тобы ішінара не толығымен жоқ болады.

161. Зерттеу объектісінің нысананы зақымдауға арналғандығын анықтайтын белгілер тобы мыналардың болуымен белгіленеді:

1) заттың сыртқы пішінінің суық, лақтыратын қарудың белгілі ұқсас үлгілеріне ұқсастығы;

2) оны суық, лақтыратын қарудың белгілі бір түрі мен типіне жатқызуға мүмкіндік беретін қажетті құрылымдық элементтердің кешені.

162. Зерттеу объектісінің нысананы зақымдауға жарамдылығын анықтайтын белгілер тобы мыналардың жеткілікті болуымен белгіленеді:

1) құрылымның толығымен және оның жекелеген құрылымдық элементтерінің техникалық қамтамасыз етілуі;

2) зақымдау қасиеті.

163. Зерттеу объектісінің құрылымы мен жекелеген элементтерінің жеткілікті техникалық қамтамасыз етілуі мыналарды белгілеу нәтижесінде анықталады:

1) ұсынылған объектінің мөлшерлік және өзге де техникалық сипаттамаларының суық, лақтыратын қару мен оларға сыртқы пішіні бойынша ұқсас бұйымдардың техникалық сипаттамаларын анықтайтын тиісті тәртіппен бекітілген криминалистік талаптарға; суық қарудың белгілі ұқсас үлгілерінің параметрлеріне сәйкестігі.

Криминалистік практиканы талдау нәтижесінде криминалистикалық талаптармен аңшылық сұқпалы қару (пышақтар мен қанжарлар); тіршілікті сақтап қалуға арналған пышақтар; ұлттық киімдермен бірге алып жүруге арналған сұқпалы қару үшін ең аз мөлшерлер мен өзге де рұқсат берілетін техникалық сипаттамалар, сондай-ақ осындай қаруға сыртқы пішіні бойынша ұқсастығы бар шаруашылық-тұрмыстық бұйымдардың кейбір типтері үшін неғұрлым рұқсат етілген мөлшерлер мен ұқсас сипаттамалар белгіленді.

Бұл ретте зерттеу объектісі толығымен және оның жекелеген бөлшектері нысанының мөлшерінің және құрылымдық ерекшеліктерінің сәйкестігі тексеріледі.

Алынған нәтижелер нормативтік белгіленген, ал олар болмаған жағдайда белгілі ұқсас үлгілерінің техникалық сипаттамаларымен салыстырылады;

2) зерттеу объектісінің мақсатты пайдалануға қолайлылығы;

3) зерттеу объектісі құрылымының толығымен және оның жекелеген бөлшектерінің беріктік сипаттамаларының осы типтегі суық қарудың ұқсас үлгілерінің талаптарына және басқа да нормативтік белгіленген сипаттамаларына, сондай-ақ беріктік сипаттамаларына сәйкестігі.

Зерттеу объектісі құрылымының беріктігін тексеру толығымен

криминалистік талаптарда көзделген нормаларға сәйкестігіне, сондай-ақ жалпыға бірдей қабылданған криминалистік әдістерге сәйкес жүргізіледі.

Құрылымның беріктігін тексеру үшін міндетті түрде эксперимент өткізіледі, оның барысында бірнеше рет нысанаға тигізу мүмкіндігі белгіленеді. Нысана ретінде қалыңдығы 50 мм-ден аспайтын кепкен қарағай тақтайша пайдаланылады. Қаруды бірнеше рет (қатарынан 50 ретке дейін, бірақ кемінде 10 рет) пайдаланған кезде (пышақпен, қылышпен, семсермен, кастетпен, кистенмен соғу, арбалетпен немесе садақпен және т.б. ату) құрылымның толығымен немесе оның жекелеген бөлшектерінің бұзылу немесе бұзылмауы тіркеледі.

Алынған нәтижелер:

қару құрылымының төзімділігіне;
оны көп рет қолдану мүмкіндігіне;
тигізу қасиетін төмендетуге әсер ету дәрежесіне бағаланады.

Суық, лақтыратын қарудың кейбір түрлері мен типтері үшін зақымдау қасиетіне әсер ететін құрылым элементтерінің төзімділігі ерекше маңызды болады.

Алынған нәтижелер нормативтік белгіленген, ал олар болмаған жағдайда белгілі ұқсас үлгілердің техникалық сипаттамаларымен салыстырылады.

164. Зерттеу объектілерінің зақымдау қасиетінің жеткілікті болуы мынадай көрсеткіштер бойынша адамның өмірі мен денсаулығына қауіпті денеге ауыр жарақаттар салу мүмкіндігін белгілеу нәтижесінде анықталады:

1) нысанада - қалыңдығы кемінде 30 мм кепкен қарағай тақтайшасында (ағаш талшықтары сұқпаға қатысты көлденең орналасқан кезде) пайда болатын қадалу тереңдігіне қатысты. Сұқпалы және суық, лақтыратын қарудың және оның снарядтарының құрғақ қарағай тақтайшаға ену тереңдігі кемінде 10 мм болуға тиіс;

2) арнайы пластикті нысанаға (кемінде 20 мм) қадалу тереңдігіне қатысты;

3) тиісті анықтамалық деректермен салыстырылатын "Кистень" аспабында соғу-ұсақтау қаруымен соққы күшінің және зақымдаудағы алаңының көрсеткіштеріне.

165. Сынақ жүргізудің кезектілігі:

1) суық қаруды сынау кезінде зерттеу объектісіне жататын келіп түскен материалдарды зерделеу қажет;

2) зерттеу объектісін қарау және оның сыртқы құрылымын, сондай-ақ құрылымдық ерекшеліктерін; таңбалау белгілерін, таңбаларын және жеке нөмірлерін; оны жасау, жөндеу немесе құралдармен және технологиялық жабдықтармен өңдеу нәтижесінде қайта жасау кезінде пайда болған іздерді фотоға түсіру. Бұл ретте зерттеу объектісінің толығымен және оның жекелеген элементтерінің мөлшерлік параметрлерін белгілеу үшін қажетті өлшеуді жүргізу,

сондай-ақ берілген дәлдікпен өзге де техникалық сипаттамаларын (заттың массасын және т.б.) анықтау;

3) зерттеу объектісінің сыртқы пішінін және жалпы құрылымын бағалау;

4) зерттеу объектісінің толық сипаттамасы;

5) қажетті құрылымдық элементтердің кешенін бөлу;

6) суық, лақтыратын қарудың ұқсас үлгілерімен салыстыру. Зерттеу объектісінің топтық тиесілігін белгілеу.

Үлгі ретінде мыналар пайдаланылады:

суық, лақтыратын қарудың, суық қаруға сыртқы пішіні бойынша ұқсастығы бар арнайы құралдар мен шаруашылық-тұрмыстық мақсаттағы заттардың өз үлгілерінің коллекциясына енгізілген объектілер;

анықтамалық пен арнайы әдебиеттегі (оның ішінде криминалистік, электрондық анықтамалық-жіктеуіште) әр түрлі үлгідегі суық, лақтыратын қарудың тиісті сипаттамасы мен бейнеленуі;

7) зерттеу объектісінің мөлшерлік және өзге де параметрлерінің криминалистік талаптарға немесе өзге де нормативтік белгіленген техникалық сипаттамаларға, ал ол болмаған кезде суық, лақтыратын қарудың осы типінің белгілі ұқсас түрлерінің анықтайтын техникалық сипаттамаларға сәйкестігін тексеру. Зерттеудің осы кезеңінде мыналар жүргізіледі:

негізгі техникалық сипаттамаларды (зерттеу объектісінің көлемді мөлшері; құрылымдық элементтердің мөлшерлік және өзге де параметрлері: пышақ сұңғысы мен сабының ұзындығы, ені және қалыңдығы, соғу-ұсақтау қаруының массасы және т.б.) ұқсас түрлерінің нормативтік белгіленген не тиісті сипаттамаларымен салыстыру;

зерттеу объектісі құрылымының негізгі элементтерінің өзара бекітілу тәсілдерін және осындай бекітудің сенімділігін бағалауды анықтау;

қару ретінде қолданудың қауіпсіздігін анықтау;

мақсатты қолданудың мүмкіндігін анықтау (зақымдаушы соққыларды әр түрлі күшпен және бағыттармен тигізу);

8) зерттеу объектісінің беріктік сипаттамасын анықтау. Зерттеудің бұл кезеңінде мыналар жүргізіледі:

зерттеу объектісі құрылымының беріктігін криминалистік талаптар мен басқа да нормативтік құжаттарда көзделген әдістер бойынша, сондай-ақ жалпыға бірдей қабылданған криминалистік әдістер бойынша анықтау: суық, лақтыратын қарудың осы типін қолдану тәсілдеріне сәйкес эксперименттер жүргізу. Эксперименттер жүргізуге қойылатын негізгі талаптар: көп қайталанымдық, күшпен

бағытты түрлендіру;

сұқпаның жұмыс бөлігінің қаттылығын өлшеу;

9) зақымдағыш қасиеттерін анықтау. Суық, лақтыратын қарудың белгілі бір

типiнiң құрылымдық ерекшелiктерi мен техникалық сипаттамаларына ие объектілер үшiн ғана .

Зақымдағыш қасиеттерi эксперименттердiң мынадай нәтижелерi бойынша белгiленедi :

нысана - құрғақ қарағай тақтайшадағы не арнайы пластикалық нысанадағы кадалу тереңдiгiне қатысты. Бүлiну тереңдiгiн өлшеу 0,1 мм-ге дейiнгi дәлдiкпен жүргiзiледi ;

соққы күшiн және соғу-ұсақтау қаруымен зақымдаудағы алаңын тiркейтiн " Кистень" аспабының көрсеткiштерi бойынша. Зақымдайтын қасиеттердi бағалау соққы күшiнiң алынған мәндерiн тиiстi анықтамалық деректермен салыстыру нәтижелерi бойынша жүргiзiледi ;

10) барлық зерттелетiн объектілердi криминалистiк сынақтың анықтамасына ақпараттық парақтың деректерiмен (зерттеу объектілермен бiрге берiлетiн не Ақпараттық парақтар жинағында жарияланған немесе ақпараттық-iздеу жүйесiнде бар) мiндеттi түрде салыстыру ;

11) жүргiзiлген зерттеулер нәтижелерiн синтездеу және бағалау.

Ескерту. 165-тармаққа өзгерiс енгiзiлдi - ҚР Үкiметiнiң 2011.12.07 № 1483 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейiн күнтiзбелiк он күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi) Қаулысымен.

166. Қорытындылар жасау :

1) объектіге жүргiзiлген зерттеулер нәтижелерi бойынша: суық, лақтыратын қарудың белгiлi бiр түрi мен типiне жатқызуға мүмкiндiк беретiн белгiлердiң қажеттi және жеткiлiктi жиынтығының бар екендiгi туралы; зерттеу объектiсiнiң суық қаруға жататындығы туралы қорытындылар бередi;

2) суық, лақтыратын қаруға тән белгiлердiң қажеттi және жеткiлiктi жиынтығы болмаған кезде зерттеу объектiсiнiң арнайы құралдардың белгiлi бiр топтарына немесе сыртқы пішiнi бойынша суық, лақтыратын қаруға ұқсастығы бар шаруашылық-тұрмыстық мақсаттағы заттарға жататындығы туралы қорытынды жасалады.

166-1. Қорытындыға қосымша ретiнде 4-қосымшаға сәйкес "Криминалистiк сынақтардың анықтамасына ақпараттық парақтың" (бұдан әрi - ақпараттық парак) екi данасы ресiмделедi. Ақпараттық паракта: анықтаманың нөмiрi және күнi, сыналған үлгiнiң атауы, базалық үлгiнiң түрлендiру нөмiрi, жасаушы, жасаушы ел, қысқаша қорытынды көрсетiледi және оның жалпы түрiнiң фотосуретi қоса тiркеледi .

Ақпараттық парак қорытындының немесе анықтаманың артқы бетiнде орналастырылады және сәйкестiгiн растау жөнiндегi органға жiберiледi.

Атыс, сигнал, газды, электрлi, пневматикалық қаруды, оның патрондарын,

сондай-ақ құрылымы жағынан қаруға ұқсас бұйымдарды зерттеу нәтижелері бойынша ақпараттық парақтар сыналған үлгіні Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының мемлекеттік кадастрына енгізу туралы мәселені шешу үшін әкімшілік полиция бөліністеріне жіберіледі.

Ескерту. 26-тарау 166-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2011.12.07 № 1483 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

166-2. Ақпараттық парақтар, олардың мөрмен куәландырған көшірмелері, сондай-ақ белгілі бір уақыт кезеңіндегі (бір жылғы) жинақ түрінде жарияланған ақпараттық парақтар зерттеулер мен сараптамалар жүргізген кезде ресми анықтамалық-әдістемелік материалдар болып табылады.

Ескерту. 26-тарау 166-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2011.12.07 № 1483 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

166-3. Бөлек парақта ресімделген анықтамаға ақпараттық парақтардың телнұсқалары бақылау данасы ретінде мұрағат ісінде сақталады.

Ақпараттық парақтардың көшірмелері күнтізбелік жылдың ақпараттық парақтарының жинағы даналарын жасау үшін пайдаланылады.

Ақпараттық парақтардың файлдары сақталады және жинақтардың ақпараттық-іздеу жүйесі түріндегі электрондық нұсқасын жасау үшін дерекқор қ ұ р а д ы .

Қорытындыларға қосымшалардың көшірмелері мұрағатта сақталады.

Ескерту. 26-тарау 166-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2011.12.07 № 1483 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

27. Сынақ нәтижелерін ресімдеу

Ескерту. 27-тарау алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2011.12.07 № 1483 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

А з а м а т т ы қ ж әне қ ы з м е т т і к
қ а р у м е н о н ы ң
п а т р о н д а р ы н а қ о й ы л а т ы н
к р и м и н а л и с т і к т а л а п т а р
м е н с ы н а у ә д і с т е р і н е

1-қосымша

Б Е К І Т Е М І Н

Қазақстан

Республикасы

ІІМ

(Б ө л і м ш е н і ң а т а у ы)

20 жылғы " "

Бұйымдарды криминалистік талаптарға сәйкестігіне сынақтар жүргізу үшін іріктеу актісі

Ескерту. 1-қосымша алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2011.12.07 № 1483 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Азаматтық және қызметтік
қ а р у м е н о н ы ң
патрондарына қойылатын
криминалистік талаптарға
және сынау әдістеріне

2-қосымша

К Е Л І С І Л Г Е Н

Қазақстан Республикасы ІІМ

б а с т ы ғ ы

(Б ө л і м ш е н і ң а т а у ы)

20 жылғы " "

Криминалистік сынақтардың хаттамасы

Ескерту. 2-қосымша алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2011.12.07 № 1483 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Азаматтық және қызметтік
қ а р у м е н о н ы ң
патрондарына қойылатын
криминалистикалық талаптарға
және сынау әдістеріне

3-қосымша

К Е Л І С І Л Г Е Н

Қазақстан Республикасының ІІМ _____

бастығы (сынақ бастамашысының деректемелері)

(Б ө л і м ш е н і ң а т а у ы)

20 жылғы " "

Анықтама

Ескерту. 3-қосымша алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2011.12.07 № 1483 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Азаматтық және қызметтік
қару мен оның
патрондарына қойылатын
криминалистік талаптарға
және сынау әдістеріне
4-қосымша

**Криминалистік сынақтардың анықтамасына ақпараттық парақ
20 ___ жылғы "___" _____ № _____ анықтама**

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.12.07 № 1483 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Сыналған үлгінің жалпы түрінің
фотосуретіне арналған орын
(өлшемі 9 x 12)

Б ұ й ы м

бойынша (сыналған үлгінің толық атауы, каталогтар
нөмірі, базалық
үлгісінің түрлендіру нөмірі,
жасаушы, жасаушы ел
көрсетіледі)

Н ә т и ж е

(қысқаша қорытынды көрсетіледі)

Техникалық сипаттамалары:

Қ о л ы

(сынақ зертханасы бастығының немесе

оның орынбасарының А.Т.Ә.)

М.О

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2007

жылғы

29

қарашадағы

№

1146

қаулысымен

бекітілген

Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының криминалистік талаптарға сәйкестігіне қорытындылар беру қағидалары

Ескерту. Қаулы Қағидалармен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2011.12.07 № 1483 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының криминалистік талаптарға сәйкестігіне қорытындылар беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы" 1995 жылғы 21 желтоқсандағы және "Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы" 1998 жылғы 30 желтоқсандағы заңдарына сәйкес әзірленген және азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының криминалистік талаптарға сәйкестігіне қорытындылар беру тәртібін айқындайды.

2. Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының криминалистік талаптарға сәйкестігіне қорытындылар беру тәртібі

2. Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының криминалистік талаптарға сәйкестігіне қорытынды (бұдан әрі – Қорытынды) алу үшін арыз беруші қару айналымын бақылау саласындағы уәкілетті органға осы Қағидаларға

1-қосымшаға сәйкес мынадай құжаттар мен объектілерді:

1) сынақтар жүргізуге арызды;

2) стандарттау бойынша нормативтік құжаттарды немесе техникалық тапсырманы, жұмыс сызбаларын, фирманың каталогын, қару паспортының түпнұсқасын және оны пайдалану бойынша нұсқаулықты мемлекеттік және орыс тілдерінде;

3) арыз беруші фирманың басшылығы растаған Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген сынау объектісін сатып алу туралы шарттың көшірмесін;

4) сынау объектісін тізімдеме бойынша ұсынады.

3. Ұсынылған құжаттарды қару айналымын бақылау саласындағы уәкілетті орган күнтізбелік 25 күннен асырмай қарайды.

Осы Қағидалардың 2-тармағында көзделген құжаттар толық ұсынылмаған немесе толық емес ақпарат ұсынылған жағдайда құжаттар қаралмай арыз берушіге күнтізбелік 2 күн ішінде қайтарылады.

4. Қарудың криминалистік талаптарға сәйкестігін сынау нәтижелері бойынша осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес криминалистік сынақтар анықтамасы (бұдан әрі – анықтама) ресімделеді.

Анықтама ұсынылған объектілердің әрбір базалық үлгісіне жеке ресімделеді.

Бұрын сыналған және оның нәтижелері бойынша Мемлекеттік кадастрға енгізілген объектілер қайта немесе қосымша сынауды талап етпейді.

5. Анықтаманың негізінде осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес қорытынды ресімделеді.

6. Сыналған объектілерге қорытындылар тікелей арыз берушіге беріледі.

7. Қорытынды жоғалған немесе бүлінген жағдайда арыз беруші күнтізбелік он күн ішінде қару айналымын бақылау саласындағы уәкілетті органға қорытындының телнұсқасын беру туралы өтініш білдіреді.

Қорытындының телнұсқасын алу үшін арыз беруші Қорытындының телнұсқасын беру туралы арыз ұсынады.

Қорытындының телнұсқасы 3 жұмыс күні ішінде беріледі.

Азаматтық және қызметтік
қару мен оның патрондарының
криминалистік талаптарға
сәйкестігіне қорытындылар
беру қағидаларына
1-қосымша

Қару айналымын бақылау саласындағы уәкілетті органға сынауға ұсынылған МАТЕРИАЛДАРДЫҢ ТІЗІМДЕМЕСІ

_____ өкілі _____
(бастамашы) (тегі, аты, әкесінің аты)

20___ жылғы "___" _____ сынақ жүргізу үшін мынадай материалдарды ұсынғаны, ал сынақ зертханасы оларды қабылдап алғаны расталады:

Р/с №	Материалдардың атауы	Саны	Қосымша мәліметтер

--	--	--	--

Материалдарды тапсырған: _____
(лауазымы) (қолы) (Т.А.Ә)

Материалдарды қабылдаған: _____
(лауазымы) (қолы) (Т.А.Ә)

М.О.

Азаматтық және қызметтік
қару мен оның патрондарының
криминалистік талаптарға
сәйкестігіне қорытындылар
беру қағидаларына
2-қосымша

АНЫҚТАМА

№ _____ 20 ____ жылғы " ____ " _____

Сіз ұсынған шығыс № _____
(қаруды немесе патрондарды сынақ зертханасына жіберу туралы

сынақ бастамашысы хатының деректемелері көрсетіледі)

Бұйым _____
(өндіруші фирманың толық атауы,

қарудың моделі, калибрі және нөмірі көрсетіледі)

Жүргізілген сынақтардың нәтижесінде: _____
(негізгі нәтижелер қысқаша баяндалады)

анықталды.

Сынауды жүргізген: _____
(сынақ зертханасы криминалисінің Т.А.Ә)

Бастық

(сынақ зертханасы бастығының немесе оның орынбасарының Т.А.Ә)

Азаматтық және қызметтік
қару мен оның патрондарының
криминалистік талаптарға

сәйкестігіне қорытындылар
беру қағидаларына
3-қосымша

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ІШКІ ІСТЕР
МИНИСТРЛІГІ



МИНИСТЕРСТВО
ВНУТРЕННИХ ДЕЛ
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

010000, Астана қ., Тәуелсіздік даңғылы, 1

010000, г. Астана, проспект Тәуелсіздік, 1

Криминалистік сынақ бойынша

№ _____ қорытынды

20 _____ жылғы " _____ " _____

1. Арыз: 20 _____ жылғы " _____ " _____ кіріс № _____

Арыз беруші: _____

Заңды мекенжайы: _____

2. Ұсынылған құжаттама:

3. Сынақ объектілерінің үлгілері:

Криминалистік сынақ бойынша

ШЕШІМ

Министрдің орынбасары _____

(қолы) (Т.А.Ә)

Азаматтық және қызметтік қару

мен оның патрондарына

криминалистік талаптар мен

оларды сынау әдістеріне

4-қосымша

Криминалистік сынақтардың анықтамасына ақпараттық парақ

20 _____ жылғы " _____ " _____ № _____ анықтама

Сыналған үлгінің жалпы түрінің

фотосуретіне (өлшемі 9x12)	арналған	орын
-------------------------------	----------	------

Бұйым _____

(сыналған үлгінің толық атауы, каталогтар бойынша нөмірі, базалық

үлгісінің түрлендіру нөмірі, жасаушы, жасаушы ел көрсетіледі)

Нәтиже _____

(қысқаша қорытынды көрсетіледі)

Техникалық сипаттамалары: _____

Қолы _____

(сынақ зертханасы бастығының немесе оның орынбасарының Т.А.Ә)

М.О.